

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы журнал

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

## ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА

Журнал о государственной службе Республики Казахстан



2/124/  
НАУРЫЗ - СӘУІР  
МАРТ-АПРЕЛЬ  
2021

ЖАЛАҚЫ. ТАҒЫ ӨЗГЕРЕ МЕ?  
ЗАРПЛАТА. ОПЯТЬ МЕНЯЕТСЯ?

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ШЫНДЫҒЫ  
НОВАЯ РЕАЛЬНОСТЬ  
ОБРАЗОВАНИЯ

АДВОКАТТАР ҚАРСЫ!  
Бірінші серия  
АДВОКАТЫ ПРОТИВ!  
Серия первая

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ  
ГЕШТАЛЬТІ немесе?..  
Шенеуніктер тақырыбындағы  
ой-толғамдар  
ДЕТСКИЕ ГЕШТАЛЬТЫ или?..  
Размышления  
на чиновничьи темы

Байыпты кеңеске баға жетпейді! Хороший совет не имеет цены!



## ЗАҢ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРЫ ЮРИДИЧЕСКИЕ КОНСУЛЬТАЦИИ

### «ЗАҢ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРЫ» журналына 2021 жылға жазылу жалғасуда

2002 жылдан бастап мемлекеттік және орыс тілдерінде шығады.

### Продолжается подписка на 2021 год на журнал «ЮРИДИЧЕСКИЕ КОНСУЛЬТАЦИИ»

Издается на государственном и русском языках с 2002 года.

#### «ЗАҢ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРЫ» - бұл:

- \* Тұңғыш республикалық заң журналы.
- \* Құқықтың барлық салалары (конституциялық, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек, неке және отбасы, кеден, салық, жер, тұрғын үй, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, азаматтық іс жүргізу, құқықтық іс жүргізу, құқықтық-атқару және басқалар) бойынша 100 беттен аса толық ақпарат.
- \* Күнделікті өмірде баршаны толғандыратын сұрақтарға жауаптар.
- \* Маңызды немесе шұғыл шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпарат.
- \* Кәсіби шеберлік деңгейін арттыру.

Басылым мерзімділігі – 2 айда 1 рет

Жазылу индексі – 75845

Бізбен байланысу:  
тел. +7 (727) 2558688,  
info@gossluzhba.kz

Жазылуды «Қазпошта» АҚ-ның барлық пошта бөлімшелерінде, «Эврика-Пресс» ЖШС-ның, «Евразия-Пресс» агенттігі ЖШС-ның, «Express Press Astana» ЖШС-ның жазылуды қабылдау пункттерінде ресімдей аласыздар.

Біз сізді өз оқырмандарымыздың қатарынан көруге шын қуаныштымыз!



#### «ЮРИДИЧЕСКИЕ КОНСУЛЬТАЦИИ» – это:

- \* Первый республиканский юридический журнал.
- \* Более 100 страниц полной информации по всем отраслям права (конституционное, гражданское, уголовное, административное, трудовое, брачно-семейное, таможенное, налоговое, земельное, жилищное, право социального обеспечения, гражданское процессуальное, уголовно-процессуальное, уголовно-исполнительное и другое).
- \* Ответы на вопросы, волнующие всех в повседневной жизни.
- \* Информация, необходимая для принятия важных или срочных решений.
- \* Повышение профессионального уровня.

Периодичность издания – 1 раз в 2 месяца

Подписной индекс – 75845

Наши контакты:  
+7 (727) 255 86 88, info@gossluzhba.kz

Оформить подписку вы можете во всех почтовых отделениях АО «Казпочта», приемных пунктах подписки ТОО «Эврика-Пресс», ТОО «Агентство «Евразия Пресс», ТОО «Express Press Astana».

Мы искренне рады видеть вас среди наших читателей!

Журнал 2004 ж. бастап шығады  
Шығу мерзімділігі: 2 айда 1 рет  
Меншік иесі және баспашы:



«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ –  
ГОСУДАРСТВЕННАЯ  
СЛУЖБА» БАСПАСЫ» ЖШС

Бас редактор Г. Хасанов  
Бас редактордың орынбасары  
В. Хасанов

Шығарушы редактор Е. Багманова  
Жауапты хатшы Р. Машева  
Аудармашы Ү. Каназова  
Корректор Ж. Дюскалиева  
Дизайн, беттеу Е. Воробьева

Журналды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті  
17.04.2014 ж. № 14307-Ж тіркеді

Редакцияның мекенжайы:  
050013, ҚР, Алматы қ., Желтоқсан көш., 177а  
тел. +7 (727) 255 86 88  
info@gossluzhba.kz www.gossluzhba.kz  
Жарнама мәселелері бойынша мына телефонға хабарласыңыз: тел. +7 (727) 2558686

Жазылу индексі - 75578  
Таралу аумағы:  
Қазақстан Республикасы  
Таралымы 2000 дана

© Материалдарды редакцияның жазбаша келісімімен көшіріп басуға болады.  
Журналға сілтеме жасау міндетті.

Журнал издаётся с 2004 г.  
Периодичность: 1 раз в 2 месяца  
Собственник и издатель:



ТОО «ИЗДАТЕЛЬСТВО  
«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ –  
ГОСУДАРСТВЕННАЯ  
СЛУЖБА»

Главный редактор Г. Хасанов  
Заместитель главного редактора  
В. Хасанов  
Выпускающий редактор Е. Багманова  
Ответственный секретарь Р. Машева  
Переводчик У. Каназова  
Корректор Ж. Дюскалиева  
Дизайн, верстка Е. Воробьева

Зарегистрирован Комитетом информации и архивов Министерства культуры и информации РК за № 14307-Ж от 17.04.2014 г.

Адрес редакции:  
050013, РК, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 177а  
тел. +7 (727) 255 86 88  
info@gossluzhba.kz www.gossluzhba.kz  
По вопросам рекламы обращаться по тел. +7 (727) 255 86 86

Подписной индекс - 75578  
Территория распространения:  
Республика Казахстан  
Тираж 2000 экз.

© Перепечатка материалов возможна с письменного согласия редакции.  
Ссылка на журнал обязательна.

# 2021 ЖАЗЫЛУ ЖЫЛҒА ЖАЛҒАСУДА

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

2004 ж. бастап қазақ және орыс тілдерінде шығатын республикалық журнал

Журнал мемлекеттік қызмет өткеріп жүрген, сондай-ақ өзін осы іске арнауға бел буған адамдарға арналады. Журналда мемлекеттік қызметке байланысты көптеген сұрақтар бойынша әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерге арналған мақалалар жарияланады.

Шығу мерзімділігі - 2 айда 1 рет. Таралуы: тек жазылым бойынша  
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы

Жазылу индексі  
**75578**  
«Қазпошта» АҚ, «Евразия-Пресс» агенттігі» ЖШС,  
«Эврика-Пресс» ЖШС, «Express Press Astana»  
ЖШС каталогтарында

#### Бізді оқитындар:

мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттің қатысуы бар ұлттық және акционерлік компаниялардың қызметкерлері, коммерциялық құрылымдардың бірінші басшылары, басқарма мүшелері және біздің ақпаратымыз қызықтыратын әрі олар үшін тәжірибелік мәні бар барша тұлғалар.



## ПРОДОЛЖАЕТСЯ ПОДПИСКА НА 2021 ГОД

## ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА


Республиканский журнал, издаваемый на казахском и русском языках с 2004 года

Журнал рассчитан на людей, занятых на государственной службе, а также на всех, кто решил посвятить себя этому делу. В журнале публикуются статьи для госслужащих различного уровня по самому широкому кругу вопросов, связанных с государственной службой.

Периодичность – 1 раз в 2 месяца. Распространение – по подписке  
Территория распространения – Республика Казахстан

Подписной индекс  
**75578**  
в каталогах АО «Казпочта»,  
ТОО «Агентство «Евразия  
Пресс», ТОО «Эврика-Пресс»,  
ТОО «Express Press Astana».

Нас читают: государственные служащие, сотрудники национальных и акционерных компаний с госучастием, первые руководители, члены правления коммерческих структур и все, для кого наша информация представляет интерес и имеет практическую значимость.



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

## ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА

Журнал о государственной службе Республики Казахстан





COVID-19 пандемиясы – жай ғана денсаулық сақтау және экономика саласындағы дағдарыс емес. Бұл, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың көрінісі. Биыл Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (СЖҚИ) бүкіл әлемдегі сыбайлас жемқорлық деңгейінің көңіл көншітпейтін бейнесін көрсетті. Бірақ жағымды жаңалықтар да бар: тәуелсіздіктің 30 жылында Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша орасан жұмыс жасады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялар әзірленуде, Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы жетілдіріліп жатыр, азаматтар арасында адалдық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаттары дамып келеді. Дүниежүзілік қоғамдастық пандемия кезінде халықты және бизнесті қолдау жөніндегі іс-шаралар кешенін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту және мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру жөнінде түзетулер қабылдаған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін оң бағалайды.

Сондықтан біздің бәріміз мақтанатындай жайттар бар, бірақ күш салуды қажет ететін мәселелер де баршылық. Біздің редакциямыз игі белестерді атап өтуді жалғастыруда, сонымен қатар, шешімін таппаған мәселелерге назар аударуға көмектесе бермек. Басылымның жаңа сандарының шығуын қадағалаңыз, өйткені бізде талқылайтын нәрсе жетіп артылады. Сонымен бірге, әрине, барлық сақтық шараларын сақтаңыз, өзіңізге және жақындарыңызға қамқор болыңыз!

Пандемия COVID-19 – не просто кризис в области здравоохранения и экономики. Это и проявление коррупции. В этом году Индекс восприятия коррупции (ИВК) рисует мрачную картину уровня коррупции во всем мире. Но есть и хорошие новости: за 30 лет независимости в Казахстане проделали огромную работу по борьбе с коррупцией, разрабатываются антикоррупционные стратегии, улучшается законодательная база Республики Казахстан, среди граждан развиваются принципы добропорядочности и нетерпимости к коррупции. Мировое сообщество положительно оценивает деятельность Правительства Республики Казахстан, принявшего пакет мер по поддержке населения и бизнеса в период пандемии, а также поправок по усилению ответственности за коррупцию и цифровизации сферы государственных услуг.

Поэтому нам всем есть чем гордиться, но и еще есть над чем работать. Наша редакция продолжает отмечать положительные вехи, а также помогает привлекать внимание к существующим проблемам. Следите за выходом новых выпусков, ведь нам всегда есть что обсудить. И, конечно же, соблюдайте все меры предосторожности, берегите себя и своих близких!

Бас редактор / Главный редактор **Г. ХАСАНОВ**



## КӨКЕЙТЕСТІ | АКТУАЛЬНО

**6** Жалақы. Тағы өзгере ме? Зарплата. Опять меняется?

## КӨЗҚАРАС | ВЗГЛЯД

**14** Балалық шақтың гешталты немесе?.. Шенеуніктер тақырыбындағы ой-толғамдар  
Детские гешталты или?..  
Размышления на чиновничьи темы

**22** Білім берудің жаңа шындығы  
Новая реальность образования

**30** Адвокаттар қарсы! Бірінші серия  
Адвокаты против! Серия первая

**38** Әлеуметтік несие жүйесі әлемнің болашағы ма?  
Система социального кредита – будущее мира?

## ҚҰҚЫҚ | ПРАВО

**46** Сұраңыз – жауап береміз  
Спрашивайте – отвечаем

## ДЕНСАУЛЫҚ | ЗДОРОВЬЕ

**50** Көктемгі авитаминоз және коронавирус: байланыс бар ма? Авиταминоз туралы не білеміз?  
Весенний авитаминоз и коронавирус: есть ли связь?  
Что мы знаем об авитаминозе

## НОВЕЛЛА

**56** Жүзіктің оралуы  
Возвращение кольца

## БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ | ЭТО ИНТЕРЕСНО

**60** Вакцинацияға 220 жыл: XVIII ғасырдан қазіргі уақытқа дейін 220 лет вакцинации: от XVIII века до наших дней

## ӘДЕПТІЛІККЕ БАҒА БЕРІЛДІ

Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін бағалауға арналған әлеуметтану зерттеуінің нәтижелерін ұсынды. Сауалнамаға барлығы 7000 респондент қатысты және олар 10 балдық шкала бойынша өздері қарым-қатынас жасаған кейбір орталық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік деңгейін бағалады. Осы шкала бойынша ең төменгі орташа бағаны ҚР Жоғарғы Соты – 5,09, ең жоғарғы орташа бағаны ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі алды. Ең жоғарғы орташа баға Қостанай (9,08) және Жамбыл (8,05) облыстары әкімдіктерінің мемлекеттік қызметшілеріне берілді.

## ОЦЕНКА ЗА ЭТИКУ

Программа развития Организации Объединенных Наций (ПРООН) в Казахстане и Агентство РК по делам государственной службы представили результаты социологического исследования по оценке уровня этики госслужащих. Всего в опросе приняли участие 7000 респондентов, они по 10-балльной шкале оценили уровень этичности госслужащих отдельных центральных госорганов, с которыми имели дело. Наименьшую среднюю оценку по этой шкале получил Верховный суд РК – 5,09, наибольшую – Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК. Самая высокая средняя оценка была дана госслужащим акиматов Костанайской (9,08) и Жамбылской (8,05) областей.



## АУЫСЫМ ҚАБЫЛДАНДЫ

Марат Ахметжанов Алик Шпекбаевтың орнына келді және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы болып тағайындалды. 2016 жылдың маусым айынан бастап Марат Ахметжанов Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары қызметін атқарды. Бұған дейін ол Атырау облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының департамент бастығы, ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген. «Алик Шпекбаевтың басшылығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылды: Adaldyq alany, Antikor ortalygy, Adal bilim және басқалары. Мен Алик Жатқамбайұлына табысты жұмысы үшін ризашылығымды білдіремін», – деді мемлекет басшысы тағайындау кезінде.

## СМЕНУ ПРИНЯЛ

Марат Ахметжанов сменил Алику Шпекбаева и назначен председателем Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции. С июня 2016 года Марат Ахметжанов занимал должность заместителя генерального прокурора РК. До этого работал руководителем департамента Нацбюро по противодействию коррупции Атырауской области, заместителем председателя Агентства РК по борьбе с экономической и коррупционной преступностью. "Под руководством Алику Шпекбаева была проведена работа по борьбе с коррупцией. Был реализован ряд проектов, направленных на борьбу с коррупцией: Adaldyq alany, Antikor ortalygy, Adal bilim и другие. Алику Жатқамбаевичу я выражаю благодарность за успешно проделанную работу", – отметил глава государства при назначении.



## ПРОГРЕСС БАР

World Justice Project (Дүниежүзілік әділ сот жобасы) сарапшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл көрсеткіші тұрғысынан Қазақстанның ілгері дамып келе жатқанын атап өтті. «Заңның үстемдігі индексі» бағдарламасының директоры Алиша Эвангелидес Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл көрсеткіші (absence of corruption) бойынша ілгері дамуын және Шығыс Еуропа мен Орталық Азия аймағында жетекші рөл атқаратындығын атап өте отырып, жемқорлыққа қарсы саясатының іске асырылуын жоғары бағалады. Сарапшыларды COVID-19 пандемиясы кезінде құқық үстемдігін қамтамасыз ету шаралары қызықтырды. Олар дағдарыс кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылауды күшейту туралы ақпаратты алдын алу және қылмыстық-құқықтық шаралар тұрғысынан оң қабылдады.

## ЕСТЬ ПРОГРЕСС

Эксперты World Justice Project (Всемирного проекта правосудия) отметили, что по показателю противодействия коррупции Казахстан отличается поступательный прогресс. Директор по программе «Индекс верховенства закона» Алиша Эвангелидес высоко оценила реализацию антикоррупционной политики Казахстана, особо подчеркнув поступательный рост по показателю противодействия коррупции (absence of corruption) и лидирующую роль в регионе Восточная Европа и Центральная Азия. Серьезный интерес экспертов вызвали меры по обеспечению верховенства права в период пандемии COVID-19. Они положительно восприняли информацию об усилении антикоррупционного контроля в кризисный период с точки зрения превентивных и уголовно-правовых мер.



## КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНБАҚ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі келісімшарт бойынша мемлекеттік қызметшілер институтын енгізу жоспарлары туралы жариялады, олар нақты мемлекеттік жобалар мен бастамалардың жүзеге асырылу мерзіміне жалданатын болады. Мәселен, мемлекеттік аппарат штаты оңтайландырылғаннан кейін келісімшарт бойынша мемлекеттік қызметшілер институты енгізіледі, бұл мемлекеттік бастамалар мен салалық жобаларды іске асыру кезеңіне арнайы білімі бар мамандарды тартуға мүмкіндік береді.



## НА КОНУ КОНТРАКТ

В Агентстве по делам госслужбы сообщили о планах введения института контрактных госслужащих, которых будут нанимать на время реализации конкретных государственных проектов и инициатив. Так, после оптимизации штата госаппарата будет введен институт контрактных госслужащих, что позволит привлекать профессионалов со специальными знаниями на период реализации государственных инициатив и отраслевых проектов».

# ЖАЛАҚЫ Тағы өзгере ме?



## ЗАРПЛАТА Опять меняется?

2021 жылы 13 наурызда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е. Тоғжановтың төрағалығымен әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық ұшжақты комиссияның отырысы өтті. Оған ҚР Кәсіподақтар федерациясы мен жұмыс берушілер бірлестіктерінің өкілдері, сондай-ақ орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Кездесу барысында вице-премьер пандемия жағдайында жұмыс орындарын сақтау және жалақының уақтылы төленуін қамтамасыз ету мәселелері алдыңғы орынға шыққанын атап өтті. Сонымен қатар, Тоғжанов мырза жұмыс берушілердің де, жұмысшылардың да мүдделерін білдіретін кәсіподақтардың баға жетпес үлесін ерекше атап өтті. Қорытындылай келе ол орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға бірқатар нақты тапсырмалар берді, соның ішінде:

- штаттарды және еңбекақы төлеу жағдайларын оңтайландыру бойынша ҚР-ның жұмыс берушілері жүзеге асыратын іс-шаралардың кешенді талдауын ұйымдастыру;
- еңбекақы төлеудің бірыңғай стандарттарын енгізу мәселесін пысықтау;
- салалық ұшжақты комиссиялардың жұмысын жандандыру.

### МҰҚИЯТ, МЫРЗАЛАР, МҰҚИЯТ

Бұл ақпарат [primeminister.kz](http://primeminister.kz) сайтында орналастырылды. «Керемет» дейсіз сіз. Жақсы, жиналған екен, жақсы, шешкен екен. Жарайсындар. Тек бұл бізге не береді? Бұл отырыста ерекше не бар? Қызықты не бар? «Мұқият қараңыз», – дейміз біз. Стандартты болып көрінетін ресми ақпаратта бізге қызықты және осы уақытқа дейін беймәлім болған төрт сөз бар – еңбекақы төлеудің бірыңғай стандарттары. Иә, иә. Есепшілерден бұл нені білдіреді деп сұраңыз.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі [LSM.kz](http://LSM.kz)-ке жалақыға қойылатын талаптар қалай өзгертінін айтты. Олардың ақпаратына сәйкес, қазіргі уақытта жалақыны өсіруге бағытталған еңбекақы төлеудің бірыңғай стандарттарын енгізу мәселесі пысықталуда. Стандарттарда орташа жалақының индекстелуіне қарай ең төменгі тарифтік мөлшерлемелердің өзгеруі ескеріледі. Басқаша айтқанда, ең төменгі жалақы белгілі бір саладағы орташа айлық мөлшеріне байланысты өзгереді.

Осыны оқисың және бәрі жақсы, бәрі түсінікті сияқты. Жақсы шаралар қабылданды, жұмыскерлерді қорғамақ. Қазір бұл өте өзекті. Басшылардың кабинеттерінде түсінікті, қажетті шешім. Ал бұл іс жүзінде қалай болады? Шындықтың көбіне теориядан өзгеше болатынын бұрыннан білеміз. Бірақ бұл туралы мақаланың соңында айтамыз.

13 марта 2021 года состоялось заседание республиканской трехсторонней комиссии по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений под председательством заместителя Премьер-Министра РК Е. Тугжанова. В нем приняли участие представители Федерации профсоюзов РК и объединений работодателей, а также руководители центральных и местных государственных органов.

В ходе заседания вице-премьер отметил, что в условиях пандемии на первое место встали вопросы сохранения рабочих мест, обеспечения своевременной выплаты заработной платы. При этом г-н Тугжанов подчеркнул неоценимый вклад профсоюзов, представляющих интересы как работодателей, так и работников. В завершение он дал ряд конкретных поручений центральным государственным и местным исполнительным органам, в том числе:

- организовать комплексный анализ мер, реализуемых работодателями РК по оптимизации штатов и условий оплаты труда;
- проработать вопрос по внедрению единых стандартов оплаты труда;
- активизировать работу отраслевых трехсторонних комиссий.

### ВНИМАТЕЛЬНЕЕ, ГОСПОДА, ВНИМАТЕЛЬНЕЕ

Такая информация была размещена на сайте [primeminister.kz](http://primeminister.kz). Здорово, скажете вы. Ну, собрались, ну, решили. Молодцы. Только что это нам дает? Что вдруг необычного в этом заседании? Что интересно-го? «Посмотрите внимательно», – скажем мы. Среди вроде бы стандартной официальной информации есть интересные и доселе незнакомые нам четыре слова – единые стандарты оплаты труда. Да-да. Спросите у бухгалтеров, что это значит?

В Министерстве труда и социальной защиты населения сообщили [LSM.kz](http://LSM.kz), как изменятся требования к зарплатам. По их информации, на данный момент прорабатывается вопрос по внедрению единых стандартов оплаты труда, направленных на повышение зарплаты. Стандарты будут с учетом изменения минимальных тарифных ставок в зависимости от индексации средней зарплаты. Иными словами, минимальная зарплата будет меняться в зависимости от размера среднемесячной в определенной отрасли.

Читаешь это, и вроде все хорошо и все понятно. И меры предпринимаются хорошие, работников защищают. Сейчас это очень актуально. И так, решение нужно, в высоких кабинетах понятное. А как на самом деле будет? Все мы давно знаем, что реальность часто отличается от теории. Но об этом мы поговорим в конце этого материала.

Өзірге тақырыпты егжей-тегжейлі қарастырайық. Қазір жалақы қанша және ол қалай есептеледі? Жұмыс істейтіндерге жалақы есептейтіндерді оқытатындардан сұрап көрелік. Сөздік құрам қалай сізге? Өзіл. Бірақ әзілді ысырып қойып, байыпты түрде сайтқа жүгінейік. Мысалы, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің Экономика, бизнес және құқық колледжінің сайтына. Онда не жазылғанын көрейік.

### ЖАЛАҚЫНЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

Есептеу үшін сізге ағымдағы жылдағы ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) және, тиісінше, еңбек шартында көрсетілген сіздің жалақыңызды білу қажет.

1. Міндетті зейнетақы жарналарын есептейік:  
 $MЗЖ = айлық \times 0.1.$
2. Ықтимал ең жоғары (максималды) МЗЖ-ны есептейік:  $МаксMЗЖ = EТЖ \times 75.$
3. Егер 1-тармақта шыққан сома МЗЖ ықтимал ең жоғары МЗЖ-дан көп болса, онда  $MЗЖ = МаксMЗЖ.$
4. Енді ЕТЖ мен МЗЖ-ны ескере отырып, жеке табыс салығын (ЖТС) есептейік:  
 $ЖТС = (айлық - MЗЖ - EТЖ) \times 0.1.$
5. Егер жалақы ЕТЖ-ға тең болса, онда ЖТС есептелмейді ( $ЖТС = 0$ ).
6. «Қолға берілетін» қорытынды жалақы шығады:  
 $айлық - MЗЖ - ЖТС.$

Бухгалтерия сізге айлықтан есептейтін сома қандай болса, нәтиже тура сондай болады.

2021 жылдағы ең төменгі жалақы – біздің елдің тұрғындары үшін аңызға айналған 42 500.

**Шегініс.** Өлдебір кәсіпорынның бас есепшісі, менің танысым маған былай түсіндірді: қызметкерге тіпті 30 000 төленуі мүмкін, бірақ қазынаға салықтар ЕТЖ-дан төленеді. Солай.

### ОРТАША, САЛАЛЫҚ ОРТАША... ОСЫНЫ АНЫҚТАЙЫҚ

Енді салалық орташа көрсеткіш туралы білуге болады. Қайдан білуге болады? Негізінде Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросынан. Егер жақсылап тырыссақ, бұл деректерді табуға болады. Бұл мәліметтер, мысалы, мұнай өнеркәсібі мен ауылшаруашылығындағы көрсеткіштердің орташа жалақы тәрізді айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетеді. Статистика мамандары бұл жөніндегі есептерді жыл сайын жариялайды, ал бұқаралық ақпарат құралдары оларды қалалар мен елді мекендерге таратады.

А пока давайте рассмотрим тему подробнее. Какова сейчас оплата труда и как она начисляется? Спросим у тех, кто учит тех, кто начисляет зарплату тем, кто выполняет работу. Как вам словарная конструкция получилась? Шутка. А если серьезно, обратимся к сайту, например, Колледжа экономики, бизнеса и права Карагандинского экономического университета Казпотребсоюза. Давайте посмотрим, что пишут.

### ПОРЯДОК РАСЧЕТА ЗАРАБОТНОЙ ПЛАТЫ

Для расчета вам необходимо будет знать минимальный размер заработной платы (МЗП) на текущий год и, соответственно, Ваш оклад, прописанный в трудовом договоре.

1. Вычислим обязательные пенсионные взносы:  
 $ОПВ = Оклад \times 0,1.$
2. Посчитаем максимально возможный ОПВ:  
 $МаксОПВ = MЗП \times 75.$
3. Если сумма, полученная в пункте 1, ОПВ оказалась больше максимально возможного ОПВ, то  $ОПВ = МаксОПВ.$
4. Теперь посчитаем индивидуальный подоходный налог (ИПН) с учетом МЗП и ОПВ:  
 $ИПН = (Оклад - ОПВ - MЗП) \times 0.1.$
5. Если оклад равен МЗП, то ИПН не исчисляется ( $ИПН = 0$ ).
6. Получим итоговую зарплату «на руки»:  
 $Оклад - ОПВ - ИПН.$

Итогом будет та самая сумма, которую бухгалтерия вам начислит с оклада.

Минимальная заработная плата на 2021 год – легендарные для жителей нашей страны 42 500.

**Отступление.** Как пояснила мне знакомый главный бухгалтер некоего предприятия, платить могут работнику и 30 000, но налоги в казну отправят с МЗП. Вот так.

### СРЕДНЯЯ, СРЕДНЕОТРАСЛЕВАЯ... РАЗБЕРЕМСЯ

А теперь можно узнать и о среднеотраслевой цифре. Где надо узнавать? По идее в Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам. И если постараться, можно найти эти данные. Эти данные расскажут нам, что показатели, например, в нефтедобывающей промышленности и в сельском хозяйстве значительно разнятся, как и средняя оплата труда. Отчеты по ней статистику публикуют каждый год, а СМИ разносят их по городам и весям.

Айтпақшы, орташа жалақы деген не? Уикипедиядан сұрайық:

«Жалақының орташа мөлшері (сонымен қатар, орташа жалақы) – бұл жұмыс істейтін халықтың белгілі бір тобының жалақысының орташа арифметикалық мәні ретінде есептелген макроэкономикалық көрсеткіш. Орташа жалақы міндетті түрде «орташа» жұмыскердің жалақысы болып табылмайды, өйткені онда «орташа» жұмыскерге ешқандай қатысы жоқ өте жоғары жалақы да, өте төмен жалақы да ескеріледі.

### МЕДИАНДЫҚ, МОДАЛЬДЫҚ... БІРАҚ НАҚТЫ МА?

Жоғарыда айтып өткенімдей, орташа жалақы туралы бәрі көп және ынталана айтады: журналистер, аналитиктер, сарапшылар және басқа да білімді адамдар. Мақаланы жазу барысында мен аса қызықты, бірақ өткен жылдағы, өте көрнекі ақпаратты кездестірдім. Оны 2020 жылдың ақпанында Infortбюро сайты жариялады және оның біздің тақырыпқа қатысы бар.

«ҚР Статистика комитеті 2019 жылдың қорытындылары бойынша медиандық және модальдық жалақы

Что, кстати, это такое – средняя оплата труда? Давайте спросим у Википедии:

«Средний размер оплаты труда (также средняя зарплата) – макроэкономический показатель, вычисляемый как среднее арифметическое значение заработных плат определенной группы работающего населения. Средний размер оплаты труда совсем не обязательно является зарплатой «среднего» работника, так как в нем учитываются как очень высокие зарплаты, так и очень низкие, которые не имеют отношения к «среднему» работнику».


### МЕДИАННАЯ, МОДАЛЬНАЯ... А РЕАЛЬНАЯ?

Как уже говорила, о средней зарплате говорят много и охотно все: журналисты, аналитики, эксперты и другие знающие люди. Пока я писала статью, наткнулась на весьма любопытную информацию, правда, за прошлый год, но весьма показательную. Ее опубликовал сайт Infortбюро в феврале 2020 года, и она весьма в тему.

«Комитет по статистике РК опубликовал данные по медианной и модальной заработной плате по итогам

Пандемия жағдайында жұмыс орындарын сақтау және жалақының уақтылы төленуін қамтамасыз ету мәселелері бірінші орынға шықты.

В условиях пандемии на первое место встали вопросы сохранения рабочих мест, обеспечения своевременной выплаты заработной платы.



туралы мәліметтер жариялады. Осы мәліметтерге сәйкес, жұмыс істейтін қазақстандықтардың жартысы (3,3 миллион) 112,2 мың теңгеден аз жалақы алады – жалақылардың медиандық мәні тура осынша болды, дейді Ranking.kz сарапшылары.

**Медиандық жалақы – барлық жұмыскерлердің жартысы осыдан артық және кем алатын сома.**

Бір жыл ішінде медиандық жалақы 5,6%-ға өсті (+5,9 мың теңге), сонымен бірге, инфляция жылдық көрсеткіште 5,4% құрады.

*«Бұдан қарапайым қорытынды шығады: қазақстандықтардың жалақысының нақты сатып алу қабілеті 2018 жылдың деңгейінде қалды», – делінген есепте.*

Қазақстандағы орташа жалақы 2019 жылдың соңғы тоқсанының соңында 203,9 мың теңгені құрады (атаулы мәнде жылына +15,8%), бұл медиандық жалақы мөлшерінен екі есе жоғары.

*«Орташа және медиандық жалақы арасындағы айырмашылық неғұрлым көп болса, жалақыдағы теңсіздік соғұрлым айқын және жалақысы төмен жұмыскерлердің үлесі соғұрлым жоғары. Орташа жалақының мәні және оның динамикалық өсуі негізінен оның мәнін көтеретін жоғары жалақы төленетін қызметкерлер есебінен қалыптасады, бірақ олардың жалақысы іс жүзінде халықтың басым бөлігінің нақты айлығына анағұрлым жақын медиандық жалақыға әсер етпейді», – деп түсіндірді Ranking.kz.*

*«2019 жылы онсыз да таңғаларлықтай төмен модальдық жалақы 2018 жылмен салыстырғанда 27,5%-ға төмендеді (80 мың теңге). Модальдық жалақы ішінара біліктілігі төмен жұмыскерлерге деген сұранысты, сондай-ақ әлеуетті қызметкерлердің жалақы деңгейі бойынша жұмыс берушілердің жалпы қалауын көрсетуі мүмкін», – дейді сарапшылар».*

Бұл 2019 жылғы мәліметтер. 2020 жылы не болды? Бұл туралы да есеп бар. Статистика қызметкерлері өте ұқыпты және нақты. Олай болмағанда ше? Мемлекеттік қызметшінің кәсібі мен атағы осыған міндеттейді. Осы жылдың ақпан айында не туралы есеп берді?

*«Қазақстанда бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы жаңартылды. Бұл туралы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы баяндады, деп хабарлайды Tengrinews.kz. Бір жұмыскердің орташа айлық атаулы жалақысы, бағалау бойынша, 2021 жылғы ақпанда 223 213 теңгені құрады. Халықтың жан басына шаққандағы орташа атаулы ақшалай табысы, есептеулер бойынша, 2021 жылдың қаңтарында 115 684 теңгені құрады, бұл 2020 жылғы қаңтарға қарағанда 4,8 пайызға жоғары, дегенмен нақты ақшалай кірістер көрсетілген мерзімде 2,4 пайызға төмендеді.*

2019 года. Согласно этим данным, половина (3,3 млн) трудоустроенных казахстанцев получают зарплату меньше 112,2 тысячи тенге – именно столько составило медианное значение заработных плат, сообщает аналитики Ranking.kz.

**Медианная зарплата – сумма, больше и меньше которой получает по половине всех работников.**

За год медианная зарплата увеличилась на 5,6% (+5,9 тысячи тенге), в то же время инфляция в годовом выражении составила 5,4%.

*«Из этого следует несложный вывод: реальная покупательная способность заработных плат казахстанцев осталась на уровне 2018 года», – говорилось в отчете.*

Размер средней заработной платы в Казахстане по итогам последнего квартала 2019 года составил 203,9 тысячи тенге (+15,8% за год в номинальном выражении), что практически в два раза превышает размер медианной.

*«Чем больше разрыв между средней и медианной зарплатой, тем сильнее выражено неравенство в заработной плате и выше доля работников с низкой оплатой труда. Значение средней зарплаты и ее динамичный рост в основном формируются за счет высокооплачиваемых сотрудников, которые тянут вверх ее значение, однако их заработная плата практически не влияет на медианную, которая более приближена к реальной зарплате значительной части населения», – поясняет Ranking.kz.*

*«И без того шокирующе низкая модальная зарплата в 2019 году упала на 27,5% по отношению к 2018 году (80 тысяч тенге). Модальная зарплата может отчасти отражать спрос на низкоквалифицированных работников, а также общие предпочтения работодателей по уровню заработных плат потенциальных сотрудников», – считают аналитики.*

Тут данные за 2019 год. А что было в 2020-м? Отчет тоже есть. Статисты – они очень исполнительные и пунктуальные. Ну а как же? Профессия и звание госслужащих обязывает. О чем отчитались в феврале этого года?

*«В Казахстане обновился среднемесячный размер заработной платы на одного работника. Об этом сообщили в Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам, передает Tengrinews.kz. Среднемесячная номинальная заработная плата одного работника, по оценке, в феврале 2021 года составила 223 213 тенге. Сообщается, что среднестатистические номинальные денежные доходы населения, по оценке, в январе 2021 года составили 115 684 тенге, что на 4,8 процента выше, чем в январе 2020 года, но реальные денежные доходы за указанный период снизились на 2,4 процента.*



Мәліметтерге сәйкес, жұмыс істейтін қазақстандықтардың жартысы (3,3 млн) 112,2 мың теңгеден аз жалақы алады.

Согласно данным, половина (3,3 млн) трудоустроенных казахстанцев получают зарплату меньше 112,2 тысячи тенге.

2020 жылдың IV тоқсанында жұмыссыздар саны 453 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшінің 4,9 пайызын құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендердің саны 2021 жылдың ақпан айының соңында 192 мың адамды немесе жұмыс күшінің 2,1 пайызын құрады.

2020 жылдың соңында бір жұмыскердің орташа айлық атаулы жалақысы 233 136 теңгені құрағанын атап өткен жөн».

Осы сандардан алған әсеріңіз қандай? Егер мен дұрыс түсінсем, бұрнағы жылы біз ең болмағанда берілген жоқпыз, ал былтыр өміріміз одан да нашарлап кетті ме? Ал қазіргі дағдарысты ескерсек, 2021 жылы не болмақ? Дегенмен негізгі тақырыпқа оралып, басты сұрақты қояйық: ең төменгі жалақы белгілі бір саладағы орташа айлық мөлшеріне байланысты өзгереді – бұл жақсы ма, жаман ба? Бұл штатта қалған жұмыскерлер үшін жақсы, ал жұмыс берушілер үшін ше? Сонымен, біз басшылардың кабинеттерінде шынайы жағдайдың әрдайым ескеріле бермейтіндігіне және статистика мамандарының бұған дейін нақты ақшалай кірістер әлдеқашан төмендеді дегеніне қайта ораламыз.

Численность безработных за IV квартал 2020 года составила 453 тысячи человек. Уровень безработицы составил 4,9 процента к рабочей силе. Численность лиц, зарегистрированных в органах занятости в качестве безработных, на конец февраля 2021 года составила 192 тысячи человек, или 2,1 процента к рабочей силе.

Отметим, в конце 2020 года среднемесячная номинальная зарплата одного работника составляла 233 136 тенге».

Какие впечатления от данных цифр? Если я правильно поняла, в позапрошлом году мы хотя бы держались, а в прошлом стали жить хуже? А что будет в 2021-м, учитывая кризис сегодняшнего дня? Но давайте все-таки вернемся к основной теме и зададим главный вопрос: минимальная зарплата будет меняться в зависимости от размера среднемесячной в определенной отрасли – хорошо это или плохо? Для работников, которые остались в штате, хорошо, а для работодателей? Вот мы и возвращаемся к тому, что в высоких кабинетах не всегда учитывают истинное положение вещей и что ранее статисты сказали, что реальные денежные доходы уже упали.

## ЖЕКЕ СӨЙЛЕСУ

Еңбекақы төлеудің бірыңғай стандарттары жүйесі міндетті болса не болады? Бұл туралы бас есепші болып жұмыс істейтін танысымнан сұрадым. Жеке әңгімеде ол маған мынаны айтты:

«Егер мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жоспарын дұрыс түсінген болсам, бұдан жақсы ештеңе шықпайды. Неліктен? Қазір заңды түрде немесе ең болмағанда жартылай заңды түрде, таза жұмыс істеп жатқан шағын және орта бизнес көлеңкеге кетеді. Түсіндіріп өтейін: мысалы мен жұмыс істейтін шағын компания жер қойнауын пайдаланушыларға қызмет көрсетеді. Мұнда бәрі таза, бәрі заңға сәйкес, бірақ... Біздің қаржыландыру – негізінен тендерлер. Яғни шектеулі бюджет. Иә, біз үнемдейміз, оның ішінде жалақыдан да. Әйтпесе, жобаның құны анағұрлым жоғары болады және біз тендерде жеңіліп қалуымыз мүмкін. Біз жұмыскерлерді алдамаймыз және ұсынылған ақшаға жұмыс істеуге келісетіндермен жұмыс жасаймыз. Жоқ, бұл сапаға әсер етпейді. Еңбек нарығы ақылға қонымды жалақыға жақсы мамандар табуға мүмкіндік береді. Ал егер бізге шектеулер қойса ше? Мәселен, біз жалақы қорын біздікімен салыстыруға келмейтін дәл сол «Қазақмыспен» қалай бәсекелесе аламыз? Біз де, «Қазақмыс» та бір салада жұмыс істейміз ғой. Сондықтан бұл жағдайда шағын компаниялар бәсекеге қабілетсіз болады.

## ПРИВАТНЫЙ РАЗГОВОР

Что будет, если система единых стандартов оплаты труда станет обязательной? Я спросила об этом знакомую, которая работает главным бухгалтером. И в частной беседе она мне сказала следующее:

«Если я правильно поняла, что хотят сделать в Министерстве труда и социальной защиты, то ничего хорошего не выйдет. Почему? Малый и средний бизнес, который сейчас действует легально или хотя бы полулегально, в белую, уйдет в тень. Объясню: к, примеру, небольшая компания, где я работаю, оказывает сервисные услуги недропользователям. У нас все чисто, все по закону, но... Наше финансирование – это преимущественно тендеры. То есть ограниченный бюджет. Да, мы экономим, и на зарплатах в том числе. Иначе стоимость проекта будет выше и тендер мы можем проиграть. Мы не обманываем работников и сотрудничаем с теми, кто согласен работать за предложенные деньги. Нет, на качество это не сказывается. Рынок труда позволяет найти хороших специалистов за вменяемый оклад. А если нас поставят в рамки? Ну как, например, мы сможем соревноваться с тем же «Казахмысом» у которого фонд заработной платы не сравнить с нашим? Ведь и мы, и «Казахмыс» работаем в одной отрасли. Так что при таком раскладе небольшие компании станут неконкурентоспособными.

«Сонда не болады?» деген сұрақ туындайды. Шағын және орта бизнес жасырын жұмыс жасайды, өйткені олар тапқан табысынан артық төлей алмайды, сәйкесінше, олар бұдан шығу жолдарын іздейді. Қандай жолдар? Мысалы, бір адамның орнына бір жалақыға екі адамды жалдайды – біреуіне ресми түрде төленеді, бірақ іс жүзінде ақшаны «серіктесі» екеуіне бөліп береді. Әрине, мұның не үшін жасалатынын ашық айту керек. Біздің адамдар ұғымтал, елдің жағдайы қиын... Мүмкін басқаша да шығар, ол жағын білмедім. Кәсіпкерлер мен есепшілер бұдан шығар жолды әрдайым табады деп ойлаймын. Бірақ бұл адал жұмыс беруші тұрғысынан менің пайымдауым. Ал жосықсыздар қолма-қол төлеуі немесе мүлдем төлемеуі мүмкін. Бұл жағдайда нәтиже қандай? Шарт жасамай, тек ауызша келіскен адамдар үшін құқықтық тәуекелдер. Іс жүзінде адамдар, керісінше, қорғалмайды. Ал елге «қолма-қол қара ақша» қайтып келеді, сонда не болмақ? Сәлеметсіз бе, 90-жылдар!

Тағы да орташа салалық көрсеткіш. Мысалы, таза лаушы әйелдер қалай болмақ? Олар да салада атаулы түрде жұмыс істейді, бірақ оларды, мысалы, техниктермен қалай теңестіруге болады? Біздің заңдарда бұл туралы жазылмаған және бұл бекер. Кеңес уақытында олар жұмыс жасайтын шаршы метрлердің көлеміне қарай аталған жұмыскерлер үшін жеке норматив болған. Енді бізде еңбек нарығы бар. Жұмыс беруші қанша төлейтінін өзі шешеді, ал адам не келіседі, не келіспейді... Ал жаңа жүйе енгізілсе не болады?

Мысалы, фермер өнімінің өсетінін немесе өспейтінін, астықты сататынын немесе сатпайтынын білмесе, белгіленген жалақыны қалай төлей алады? Қырыққабат көмілген оқиға есіңізде ме?

**Анықтама үшін.** Өткен жылдың сәуір айының соңында Түркістан облысының фермерлері қырыққабат өнімін жоюға мәжбүрміз деп шағымданды. Себеп – карантиндік шектеулер және соған байланысты сұраныстың төмендеуі.

«Біз бес гектар қырыққабатты жойып жатырмыз. Қанша еңбегіміз зая кетті. Тіпті он теңгеге де ешкім сатып алмайды. Мұның бәрі карантиннің салдары, – деді әлеуметтік желіде таралған видео авторы. – Қазір үш жүк көлігі жаңа піскен қырыққабатты алып кетуге келіп тұр. Ақша да, ештеңе де керек жоқ. Келіңіздер, тегін алыңыздар» (fergana.news)

Сондықтан менің Еңбек министрлігіне қоятын сұрақтарым көп, өте көп...»

Біз сіздердің назарларыңызға бір адамның пікірін ұсындық. Менде де көптеген сұрақтар бар. Бәлкім, әзірге танысымыз екеуіміз дұрыс түсінбеген болармыз және бәрі басқаша болатын шығар? Мүмкін. Бізде бәрі болуы мүмкін... Біз жаңа ақпаратты, тиісті министрліктердің түсініктемелерін күтеміз. Амал нешік...

Возникает вопрос: что тогда? Мелкий и средний бизнес уйдет в подполье, потому что не смогут платить больше, чем зарабатывают, и, соответственно, будут искать выходы. Какие? Ну навскидку, например, вместо одного человека нанять на одну зарплату двоих – одному платить официально, а по факту деньги делить с его «напарником». Конечно, обязательно честно рассказать, почему так делается. Люди у нас понятливые, ситуация в стране непростая... Может, и по-другому, не могу знать. Думается, бизнесмены и бухгалтеры всегда добросовестного работодателя. А недобросовестные вообще могут наличкой заплатить или вообще не платить. И каков имеем результат в данной ситуации? Правовые риски для людей без договоров на условиях «по понятию». Как факт, люди, наоборот, не будут защищены. А в страну вернется «черный нал» и что? Здравствуйтесь, 90-е!

Опять же среднеотраслевой показатель. А как, например, быть с уборщицами? Они ведь тоже номинально работают в отрасли, но разве можно их уравнивать, например, с техниками? Это у нас в законах не прописано, и напрасно. В советское время для них существовал отдельный норматив, в зависимости от количества квадратных метров, которые она обслуживала. А сейчас у нас существует рынок труда. Работодатель решает, сколько платит, а человек либо соглашается, либо нет... И что будет, если введут новую систему?

А как, например, фермер сможет выплачивать установленный оклад, если он не знает, вырастет у него что-то или нет, продаст он урожай или нет? Помнишь случай, когда капусту закопали?

**Для справки.** В конце апреля прошлого года фермеры из Туркестанской области пожаловались, что им приходится уничтожать урожай капусты. Причина – карантинные ограничения и связанное с ними снижение спроса.

«Уничтожаем пять гектаров капусты. Столько работы – и все впустую. Даже за десять тенге никто не берет. Это все из-за карантина, – говорил автор ролика, распространенного в социальных сетях. – Три фуры сейчас стоят со свежей капустой. Ни денег, ничего не надо. Приезжайте, забирайте бесплатно.» (fergana.news)

Так что у меня много вопросов к Минтруду, очень много...»

Мы предоставили вашему вниманию мнение одного человека. И у меня вопросов много. Но, может, пока мы с моей знакомой неправильно поняли и все будет по-другому? Может быть. У нас все может быть... Будем ждать новой информации, пояснений профильных министерств. А что нам еще остается?..

Анастасия ДЕМЕНТЬЕВА

Қазақстандықтардың жалақысының нақты сатып алу қабілеті 2018 жылдың деңгейінде қалды.

Реальная покупательная способность заработных плат казахстанцев осталась на уровне 2018 года.





# БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ ГЕШТАЛЬТІ НЕМЕСЕ?..

*Шенеуніктер  
тақырыбындағы  
ой-толғамдар*

# ДЕТСКИЕ ГЕШТАЛЬТЫ ИЛИ?..

*Размышления  
на чиновничьи  
темы*

«Шенеуніктер және сән-салтанат. Құбылыстың себептері мен шығу тегі. Мұны жою үшін мемлекеттік органдар мен бүкіл қоғам не істеуі керек». Қысқаша айтқанда, редакциядан осындай ТТ алдым. Шенеуніктер... Сән-салтанат...

Ұлым жақын маңдағы дүкеннен келді. Жұмыртқа қымбаттап кетіпті дейді. Он жұмыртқа 620 теңге. 350-дің орнына... Ал шенеуніктер әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасы реттеледі деп уәде берген... Айтарға сөзім жоқ! Карантин жарияланған жылы бізде тауық қалмады ма? Демек, сән-салтанат... Ал, енді абай болыңыздар! (Осы тұста бойымда таптық өшпенділік лап еткенін сездім).

Сол сәтте мен осылай ойлады. Содан кейін өзіме жаңа демделген шай құйып, кілегей қостым. Шайды бір ұрттап, ойға баттым. 620 теңге тұратын жұмыртқа – басқа тақырып. Ал шенеуніктердің сән-салтанатты өмірі мәңгілік... Әйтеуір бұрынғы КСРО кеңістігінде солай болған. Ең қызығы, біздің мемлекеттік қызметшілер бұдан тіпті ұялмайды да. Мысалы, олардың Инстаграмын шолып көріңіз. Одан да дұрысы, қандай да бір мемлекеттік қызметшінің әйелінің, анасының, әпкесінің әлеуметтік желілердегі парақшасына көз салыңыз. Бұдан да оңай жолы: көпшілікке танымал мектептің жанындағы орындықта бір уақыт отыра тұрыңыз. Мұқият қарайтын болсаңыз, біраз нәрсені байқайсыз.

Олай болса, егер ештеңе өзгермесе, бұл туралы айтудың қажеті бар ма? Міндетті түрде! Айқайлау керек! Тек бір-бірімізге емес, құзырлы органдарға да. Онда мен неге мұнда шай ішіп отырмын? Азаматтық ұстаным және кәсіби жауапкершілік әлеуметтік наразылықты жеңіп, мақала жазуға кірісіп кеттім...

## «ӘДЕП КОДЕКСІ? ЖОҚ, ЕСТІМЕДІК...»

Кешіріңіз, тарихын қазбаламадым. Оның тамыры ежелгі уақыттардан бастау алады. Айтпақшы, шенеуніктердің сән-салтанаты көбіне ғасырлар бойы сыбайлас жемқорлықпен қатар жүріп келеді. Бірақ біздің бүгінгі әңгіме бұл туралы емес.

Сонда не істеу керек? Сұрақ өте өзекті. Өйткені біз бұдан жалықтық (иә-ә, жөні түзу сөз таба алмай отырмын), міне!

Біраз уақыт бұрын журналымыздың парақтарында «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі» туралы айтқан болатынбыз. Одан бейхабар немесе ұмытып қалған адамдар үшін айтарымыз, онда мемлекеттік қызметшілерге арналған жалпы мінез-құлық стандарттары, қызметтен тыс уақытта өзін-өзі ұстау, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық стандарттары, сондай-ақ көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, сөйлеудің стандарттары белгіленгенін еске саламыз. Айтпақшы, сыйлықтар мен сәнді өмірге онда айтарлықтай назар аударылған.

«Чиновники и роскошь. Причины и истоки явления. Что нужно сделать госорганам и всему обществу, чтобы искоренить это». Вот такое ТЗ, если говорить вкратце, я получила от редакции. Чиновники... Роскошь...

Тут сын пришел с соседнего магазина. Яйца, говорит, подорожали. 620 тенге просят за десяток. Вместо 350... А чиновники обещали, что цены на социально значимые продукты будут регулироваться... Слов нет! У нас что, куриц за карантинный год не осталось? Значит, роскошь... Ну держитесь! (Тут чувствую, что во мне вспыхивает классовая ненависть.)

Так подумала я на тот момент. Потом налила себе свежесваренного чая, добавила туда сливков. Отхлебнула глоточек и задумалась. Яйца за 620 тенге – тема другая. А вот роскошная жизнь чиновников – вечная... Во всяком случае на просторах бывшего СССР. Самое интересное, наши госслужащие даже этого не стесняются. Загляните, например, в их Инстаграм. А лучше на страницу в соцсетях жены, мамы, сестры какого-либо госслужащего. Можно и проще: посидите на скамейке, которая находится рядом со всем известной школой. Много чего можно увидеть, если смотреть внимательно.

Тогда надо ли об этом говорить, если ничего не меняется? Обязательно! Кричать надо! И не только друг другу, но и компетентным органам. Тогда что я сию тут, чай пью? Гражданская позиция и профессиональная ответственность победили социальное недовольство, и я пошла работать над статьей...

## «ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС? НЕТ, НЕ СЛЫШАЛИ...»

Простите, с историей не получилось. Ее корни тянутся в глубокую древность. Кстати, часто роскошь чиновников идет рука об руку через века с коррупцией. Но мы сегодня не об этом.

А вот что делать? Вопрос очень актуальный. Ибо (м-да, что-то не могу найти приличного слова) надоело, вот!

Некоторое время назад на страницах нашего журнала мы говорили об «Этическом кодексе госслужащих». Для тех, кто незнаком или подзабыл, напомним, что в нем определены общие стандарты поведения государственных служащих, стандарты поведения во внеслужебное время, поведения в служебных отношениях, а также публичных выступлений, в том числе в средствах массовой информации. Кстати, подаркам и роскошной жизни там уделено самое пристальное внимание.



Шенеуніктердің сән-салтанаты көбіне сыбайлас жемқорлықпен ғасырлар бойы қатар жүріп келеді.

Часто роскошь чиновников идет рука об руку через века с коррупцией.

Иә, бірақ осы тұста мына мақал орынды: «Қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса». Біздің құрметті халық қызметшілері кез-келген тыйымдарды айналып өтуді үйренген немесе оларға көз жұма қарайды. Мысал керек пе? Мінекей, мархабат.

## ҚОЛМЕН БАСҚАРЫЛАТЫН ТЫЙЫМ

Сонау 2018 жылы Қазақстанның Автомобиль саласы кәсіпорындарының одағы елдің мемлекеттік органдарының шетелдік автомобильдерді сатып алуына тыйым салу туралы бастама көтерген болатын. Бұл ұсыныстың себебі осы тармақ бойынша ел бюджеті бір жыл бұрын шеккен қомақты шығындар болды. Нәтижесінде Қазақстанның мемлекеттік органдарына екі жыл бойы мемлекеттік сатып алу аясында шетелде шығарылған жеңіл автомобильдерді сатып алуға тыйым салынды.

Мемлекет қызметшілері жабырқап қалды. Шынында да, «Нивалардан» немесе «Уаздардан» тұратын қала немесе облыс әкімдігінің кортежін көзге елестету өте қиын...

Сөйтіп, бұдан шығар жол табылды. Заң бойынша сатып алуға рұқсат жоқ, бірақ көлік жалдауға ешкім тыйым салған жоқ. Мысалы, «МК Казахстан» бір-екі жыл бұрын былай деп жазды. Павлодар облысында 2017 жылы облыстың жоғары лауазымды тұлғаларына қызмет көрсету мақсатында «Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 128,5 млн. теңге сомасында автокөліктерді жүргізушілерімен қоса жалға алуға келісімшарт жасасты (1359667-1 сатып алу нөміріне сәйкес). Мұндағы техникалық сипаттамада қозғалтқыш

Да, но тут актуальна поговорка: «Закон – что дышло: куда повернешь – туда и вышло». Наши уважаемые слуги народа научились обходить любые запреты или просто плюют на них. Сами решайте. Хотите примеры? Да пожалуйста.

## ЗАПРЕТ НА РУЧНОМ УПРАВЛЕНИИ

Еще в 2018 году Союз предприятий автомобильной отрасли Казахстана выступил с инициативой о запрете покупок иностранных автомобилей госучреждениями страны. Причиной такого предложения послужили солидные траты, которые бюджет страны понес годом ранее по этой статье. И в итоге государственным органам Казахстана на два года запретили приобретать легковые автомобили иностранного производства в рамках госзакупок.

Пригорюнились служаки государевы. И правда, крайне сложно представить кортеж акимата города или области, состоящий из «Нив» или УАЗов...

И выход нашелся. Закупать закон не позволяет, но ведь взять в аренду автомобиль никто не запрещал. Вот, например, как писал «МК Казахстан» пару лет назад. В Павлодарской области в 2017 году для обслуживания высших должностных лиц региона ГУ «Аппарат акима Павлодарской области» заключило договор на аренду легковых автомобилей с водителями на сумму 128,5 миллиона тенге (согласно номеру закупки 1359667-1). И тут в технической спецификации зафиксированы высококомфортабельные автомобили с объемом двигателя не менее

көлемі кемінде (!) 4600, 4700 және 5700 текше сантиметр болатын жайлылығы жоғары автомобильдер тіркелген. Әкім мен оның орынбасарларынан басқа, барлық 24 облыстық басқарма, сондай-ақ облыстық мәслихат аппараты және облыстық тексеру комиссиясы «Павлодар облысы автошаруашылығы» ЖШС-мен жүргізушілерімен қоса қызметтік автокөліктерді жалға беру туралы жеке шарттар жасаған. Әр ведомство үшін сома 3-4-тен 10 миллион теңгеге дейін және одан да көп. 2018 жылдың бүкіл кезеңінде облыс әкімдігінің басқармасы автомобиль жүрістеріне 100 миллион теңгеден астам қаражат жұмсаған. Жыл қорытындылары бойынша облыс шенеуніктерінің іссапар шығындарының жалпы көлемі төрттен бір миллиард теңгені құрады («Павлодар облысы автошаруашылығы» ЖШС-нің барлық келісім шарттарын мемлекеттік сатып алулар сайтынан көруге болады).

Не дейді?! 100 миллион!!! 250 миллион !!! Қалай сізге?

## ПАНДЕМИЯ – АЙНЫМАС ДОСЫМ

Бірақ, байқауымша, мораторий аяқталды немесе әлі аяқталмады ма? Мұны кім біледі? Бірақ бастысы бұл емес. Тәжірибе әлі де қалды. Сүйікті «Каравандағы» карантин жылы туралы жаңа ақпарат. Бұл мүлде жаңа ақпарат. Оқиық:

